ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 7 қырқүйек Іс №1912-23-00-2/893Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е.Д.Байбутаев
сот отырысының хатшысы Р.Мусабаева отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» бөбекжай балабақшасы

ЖАУАПКЕР:
«ANOC Group» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі –Т.Т.Мешитбаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы3 сәурдегі талап қоюшы және жауапкер арасында жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасақталған.

Шарттың жалпы құны 1 475 000 теңге.

Бірақ жауапкер өз міндеттерің жасалмаған.

Талап қоюшы сотқа талап арызбен толығымен құаттап, өндіру талап етті.

Жауапкер сотқа қатыспады, себебің қорсеткен жоқ. Осған байланысты оның қатысуз істі сот қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Сканировано с CamScanner

АПК-нің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының жән қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайлард дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 27 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерың толығымен орындалған жоқ.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерден тиісті сомасын 15 921 теңге өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 109 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» бөбекжай балабақшасыталап қою арызы қанағаттандырылсын.

«ANOC Group» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды.

«ANOC Group» жеке кәсіпкерден «Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» бөбекжай балабақшасы пайдасына 15 921 /он бес мың тоғыз жүз жиырма бір/ теңге өндіруді.

«ANOC Group» жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына сот шығындарын 1 725 /бір мың жетті жүз жиырма бес/ теңге өндірілсін.

Сканировано с CamScanner

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Е.Д.Байбутаев**
Көшірмесі дұрыс
Судья **Е.Д.Байбутаев**
Шешім заңды күшіне 09 қазан 2023 жылы енді.
Судья **Е.Д.Байбутаев**

Сот өндірісі
Судопроизводство
Сканировано с CamScanner